

## Мемлекеттің кірістерін пайдаланудың бағыттарын анықтау жөніндегі кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі N 966 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 9-бабының 8) тармақшасына сәйкес және заңнамалық кесімдерде көзделмеген мемлекеттің кірістерін пайдаланудың бағыттарын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің шотына түскен саны 12500 трой унциясы сары металды сатсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген сары металды сатудан түсетін қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есептеледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуы жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*